



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Денсаулық сақтау – дайындау бағыты
бойынша ОӘБ

Ереже

Редакция: 1
14 беттін 1 беті



БЕКІТІЛДІ



Денсаулық сақтау – дайындау
бағыты бойынша ОӘБ
төрағасы, «С.Ж. Асфендияров
атындағы ҚазҰМУ» Басқарма
төрағасы - Ректор, 10 ақпан
2021ж № 6 хаттама


Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша оқу- әдістемелік бірлестігі туралы Ереже

Қолдану мерзімі « <u>10</u> » <u>02</u> 20 <u>21</u> ж. бастап « <u>10</u> » <u>02</u> 20 <u>24</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: №141 ректордың бұйрығы 06.03.2018 ж.	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № Экземпляр № Көшірме №




КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні	Нақты орындаушының лауазымы, Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні
ӘЗІРЛЕУ	Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ төрағасының орынбасары	Сыдыкова С.И.  «10» 02 2024 ж.	«__» ____ 20__ ж.
КЕЛІСУ (күжат келісілетін басшының құрылымдық бөлімше атауы)	Заң басқармасының басшысы	Гаитова М.А. «10» 02 2024 ж. 	«__» ____ 20__ ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Ереже

Мазмұны

1. Жалпы ереже	4
2. Құрылуы және таратылуы	5
3. ОӘБ қызметі	5
4. ОӘБ құрылымы және қызметін ұйымдастыру	5
5. ОӘБ қызметінің мәні	6
6. ОӘБ құқығы	7
7. ОӘБ мүшелерінің құқтары	7
8. Жауапкершілігі	8
9. ОӘБ секциялары	8
10. ОӘБ білім беру бағдарламаларының топтары	9
11. ОӘБ комитеттері	10
12. Жауапкершілігі	12
13. Өзгерістерді тіркеу парағы	13
14. Танысу парағы	14

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Ереже

1. Жалпы ереже

1.1 Қолдану саласы

- 1) «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ жанындағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігі туралы осы Ереже (бұдан әрі-Ереже) 12.10.2018 ж. № 562 ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген республикалық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің және кадрлар дайындау бағыттары бойынша оқу - әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы Ережеге сәйкес әзірленді.
- 2) Осы Ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ (бұдан әрі - Университет) жанындағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (бұдан әрі – РОӘК) оқу-әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі – ОӘБ) қызметінің тәртібін регламенттейді.
- 3) Осы Ережені ОӘБ мүшелері, профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ), ОӘБ құрылымдық бөлімшелері басшылыққа алады.

1.2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарда баяндалған талаптар мен қағидаттарды ескере отырып әзірленген:


- «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (14.07.2022 жылғы өзгерістер және толықтырулармен);
- ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;
- ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №562 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін жыне кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестік қызметтері туралы ереже»;

Осы Ережені әзірлеу кезінде мынадай ішкі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

- «Оқу-әдістемелік бірлестігінің қызметін Жобаны басқару тобының форматына өзгерту туралы» Басқарма төрағасы-ректорының 2019 жылғы 17 қазандағы № 264 бұйрығы.

1.3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

- 1) Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылды:
 - ҚР БҒМ** – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;
 - ҚР ДСМ** – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
 - РОӘК** – Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі;
 - ОӘБ** – Оқу-әдістемелік бірлестік;
 - ББТ** – Білім беру бағдарламаларының тобы;
 - ЖОО** – Жоғары оқу орындары;
 - ҒЗИ** – Ғылыми-зерттеу институты;
 - ҒО** – Ғылыми орталық.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Ереже

2. Құрылуы және таратылуы


- 1) ОӘБ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында құрылады, ОӘБ консультативтік-кеңесші жұмыс органы болып табылады, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жанынан құрылады, заңды тұлға болып табылмайды және оның қызметін өзі құрылған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы қаржыландырады. ОӘБ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы негізінде құрылады және таратылады.
- 2) ОӘБ ұйымдық құрылымы ОӘБ мүшелерімен келісіледі және отырыс хаттамасымен бекітіледі. Ұсыныстарды ОӘБ төрағасы енгізеді.

3. ОӘБ қызметі бағытталған:

- ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі дамуының тәсілдерін жасауға;
- әлемдік білім беру кеңістігінде қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегиясын қалыптастыруға қатысуға;
- өзгертін жағдайлар мен жаһандық сын-тегеуріндерді ескере отырып, білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуге;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйелерін жетілдірудің әдістері мен тәсілдерін әзірлеуге бағытталған.

4. ОӘБ құрылымы және қызметін ұйымдастыру

- 1) ОӘБ құрамына құрылымдық бірлік ретінде Секциялар, мамандықтар мен мамандандырулар бойынша комитеттерді (бұдан әрі - Комитеттер) қамтитын Білім беру бағдарламаларының топтары (бұдан әрі - ББТ) кіреді.
- 2) ОӘБ құрамына төраға, оның орынбасары, хатшы, тиісті бағыт бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдері, жұмыс берушілердің, жұмыс берушілер қауымдастықтарының, халықаралық үкіметаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және өзге де мүдделі органдардың өкілдері, педагогикалық және ғылыми қызметкерлер кіреді.
- 3) ОӘБ төрағасы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.
- 4) ОӘБ құрамы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйелерін жетілдіру мақсатында Білім және ғылым ұйымдарының, жұмыс берушілердің, аккредиттеу агенттіктерінің және өзге де ұйымдардың өкілдері қатарынан айқындалады және оны төраға бекітеді.
- 5) ОӘБ-нің қызметі оқу жылына құрастырылған жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады және ОӘБ-нің төрағасымен бекітіледі.
- 6) ОӘБ мүшелерінің алдын ала келісімі бойынша отырыстың күн тәртібі ОӘБ төрағасымен бекітіледі.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Ереже	Редакция: 1 14 беттің 6 беті

- 7) ОӘБ отырыстарының кезеңділігі – екі айда кемінде бір рет, жоспардан тыс отырыстар өткізуге жол беріледі.
- 8) ОӘБ отырысын ОӘБ-нің төрағасы жүргізеді, ал ол болмаған жағдайда ОӘБ төрағасының орынбасары жүргізеді.
- 9) ОӘБ-нің шешімдері отырысқа үштен екісінен кем емес құрамы қатысқан жағдайда қарапайым көпшіліктің дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және ұсынымдық сипатқа ие болады. Дауыстардың саны тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. ОӘБ-нің отырысына қатыса алмайтын ОӘБ мүшелері онлайн трансляция арқылы немесе Хатшылықпен келісілген басқа электрондық тәсіл арқылы дауыс бере алады.
- 10) ОӘБ отырысы және отырыста қабылданған шешімдер хаттамамен рәсімделеді. ОӘБ отырысының хаттамаларына ОӘБ төрағасы мен хатшысы қол қояды.
- 11) ОӘБ-нің оқу жылындағы қызметі туралы есеп РОӘК-ке жіберіледі.
- 12) Ағымдағы ұйымдастыру жұмыстарын, құжаттаманы және іс жүргізуді ОӘБ әдіскері жүзеге асырады. Әдіскер хаттамаларды жүргізеді, ОӘБ жұмысы туралы есептер жасайды, отырыстардың өткізілуін ұйымдастырады, ОӘБ мүшелері үшін өз құзыреті шегінде ақпараттық-технологиялық қолдауды қамтамасыз етеді, келіп түсетін сұрауларға жауаптар береді. ОӘБ отырыстарының құрамы, жоспарлары, есептері, материалдары мен шешімдері университет сайтында жарияланады.
- 13) ОӘБ қызметіне басшылықты білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру РОӘК жүзеге асырады, Денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі шешімдер құзыреттер шегінде ғылым және адами ресурстар департаменттерімен немесе ҚР ДСМ құрылымдық бөлімшесімен келісіледі.

5. ОӘБ қызметінің мәніне мыналар жатады:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сыртқы және ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйелерін жетілдіру мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, жұмыс берушілердің өкілдері, аккредиттеу агенттіктері және басқа ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру бойынша ұсынымдар, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін кадрларды Денсаулық сақтау - даярдау бағытының жіктеуішін дайындау;
- ұлттық біліктілік талаптарына, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы оқу нәтижелерін қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындау;
- әдебиетті, электрондық дерекқорларды және басқа қажетті ресурстарды профессор-оқытушылар құрамының кадрлар Денсаулық сақтау - дайындау бағытына жетекшілік ететін оқу курстарымен қамтамасыз етілуін бақылау;
- жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беретін кадрларды Денсаулық сақтау – дайындау бағытында әр түрлі деңгейдегі оқу



басылымдарын, тест тапсырмаларын, оқу құралдарын, оқулықтарды, рецензиялауды, сараптамаларды өткізу;

- жоғары білім беру ұйымына түсу кезінде кадрларды Денсаулық сақтау - дайындау бағыты бойынша талапкерлердің ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеудегі бейіндік пәндерді анықтау үшін ұсыныстарды қалыптастыру, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың пәндер бойынша оқу жетістіктерін сырттай бағалау;
- тест спецификациясын және білім алушылардың дағдыларын бағалау тізбесін, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалауды келісу;
- инновациялық білім беру технологияларын енгізу және көптілді білім беруді, дуальды білім беру жүйесін енгізудің озық тәжірибесін тарату бойынша ұсыныстар дайындау;
- білім беру бағдармаларының мазмұны және оқыту әдістерін ескере отырып, күту және жұмыс берушінің талаптарын тұтынушы ретінде білім беру қызметтерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- білім беру үрдісінің сапасын қамтамасыз ету үшін ішкі және сыртқы жүйелерді құру бойынша ұсыныс сипаттың әдістемесін әзірлеу мақсатында әлемдік тәжірибені, оның ішінде шетелдік жоғары орындарын талдау және жалпылау жатады.

6. ОӘБ құқылы:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру мақсатында РОӘК-ке ұсыныстар енгізуге;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдармаларын іске асыратын жетекшілік ететін; ақпараттық және басқа да құжаттарды, ОӘБ функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті, сұрауға және талап етуге;
- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру мақсатында зерделеу және ұсыныстар әзірлеу үшін, сондай-ақ оның құзыретіне жататын басқа да мәселелер үшін жұмыс топтарын құру;
- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдердің ұйымдастыру жұмыстарына қатысуға;
- ОӘБ-нің, секциялардың, ББТ-ның, комитеттердің белсенді мүшелерін көтермелеуге ұсыну.

7. ОӘБ мүшелері құқылы:

- білім беру сапасын жетілдіру мәселелері бойынша талқылауға қатысу;
- ОӘБ қызметіне қатысты ақпаратты сұрау және алу;
- ақпараттандыру бойынша отырыстық күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге;
- онлайн немесе жазбаша түрде мүмкін болмаған кезде іштей дауыс беруге ОӘБ шешімдеріне қабылдауға қатысуға құқылы;
- ОӘБ құрамына жаңа кандидатураларды ұсынуға енгізуге құқылы;
- ынталандыру үшін ОӘБ, секциялардың, ББТ, комитеттердің кандидатураларын ұсыну.



8. ОӘБ жауапты:

- мемлекеттік жапыға міндетті білім беру стандарттарын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру талаптарын бұзғаны;
- құзыретіне кіргізілген функцияларды орындамағаны үшін;
- осы Ереженің 6-тармағында көзделмеген ОӘБ қызметінің өзге де талаптырын бұзғаны үшін жауапты.

9. «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ секциясы

1) Мәртебесі


Секция - ОӘБ консультативтік-кеңесші органы болып табылады, заңды тұлға болып табылмайды.

Секцияның қызметі денсаулық сақтау саласында білім беру қызметін жүзеге асыратын білім беру/ғылым ұйымдарының жұмысын ұйымдастыруға бағытталған және кәсіптік даярлау сапасын арттыруға бағытталған.

Секция қызметін ұйымдастыру және оның өкілеттіктері осы Ережеде айкындалады.

2) Секция қызметін ұйымдастыру

- Секция құрылымы мен тізбесін ОӘБ мүшелерінің келісімі бойынша төраға бекітеді
- Секцияның төрағасын ОӘБ мүшелерінің келісімі бойынша төраға тағайындайды.
- Секция отырыстары кемінде екі айда бір рет өткізіледі.
- Секция құрамына төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және ОӘБ құрылымына кіретін ұйымдардың өкілдері кіреді.
- Секция құрамын және оның құрамындағы барлық өзгерістерді ОӘБ төрағасы бекітеді.
- Секция өкілеттігінің мерзімі - бір оқу жылы.
- Секция мүшелерінің өкілеттіктері Секцияның өкілеттік мерзімінің аяқталуына, атқаратын лауазымынан босатылуына, қызметкерлер қатарынан шығуына және (немесе) жеке өтініші бойынша тоқтатылады.
- Секция қызметі әрбір оқу жылына бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады.
- Секция, егер отырысқа оның тізімдік құрамының кемінде үштен екісі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Секцияның шешімі, егер оған Секция отырысына қатысқан оның мүшелері санының жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.
- Секция шешімдері отырыс хаттамасымен ресімделгеннен және Секция төрағасы қол қойғаннан кейін одан әрі қарау үшін ОӘБ-ға жіберіледі
- ОӘБ Секция атынан шығарылатын мәселелер Секция отырысында алдын ала қаралуы тиіс.
- Секция өкілдері Секция құрамына кіретін ұйымдарға жекелеген мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын беруге құқылы.
- Секция отырыстары ашық болып табылады. Білім беру/ғылым/практикалық денсаулық сақтау ұйымының кез келген өкілі шешім қабылдау кезінде дауыс

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Ереже

беру құқығынсыз Секция отырыстарына қатысуға құқылы. Өзге адамдар Секция отырыстарына оның шешімі бойынша қатысуға құқылы.

- Секцияда ағымдағы жұмысты ұйымдастыру және іс жүргізу Секция Төрағасы ұсынған Секция хатшысына жүктеледі. Отырыстардың құрамы, жоспарлары, есептері, материалдары мен шешімдері ОӘБ сайтында жарияланады.
- Секция қызметіне басшылықты ОӘБ төрағасы мен төрағаның орынбасары жүзеге асырады.

3) Секция өкілеттіктері

- Секция мүшелерінің жалпы санын және құрамын айқындайды;
- Секция жұмыс регламентін әзірлейді;
- Секцияның құрамына кіретін барлық мүшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
- Секция құрамына кіретін мүшелердің есептерін тыңдайды;
- ОӘБ отырысында қарау үшін кәсіби дайындық сапасын арттыруға, деңгейлік дескрипторларға сәйкес құзыреттер каталогын қалыптастыруға, кәсіби біліктілікті тәуелсіз бағалау жүйесін, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау саласындағы НҚА жетілдіру бойынша мәселелерді ұсынады;
- көтермелеу үшін Секциядан кандидатуралар ұсынады.

10. Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ ББТ

1) Мәртебесі

ББТ - ОӘБ консультативтік-кеңесші органы болып табылады, заңды тұлға болып табылмайды.

ББТ қызметі кәсіби дайындау сапасын арттыруға, кәсіби біліктілікті тәуелсіз бағалау жүйесін қалыптастыруға, ПОҚ-ның әдебиетпен, электрондық деректер қорымен және т.б. қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізуге бағытталған комитеттердің жұмысын ұйымдастыруға бағытталған.

ББТ қызметін ұйымдастыру және оның өкілеттіктері осы Ережеде айқындалады.

2) ББТ қызметін ұйымдастыру

- ББТ құрылымы мен тізбесін ОӘБ мүшелерінің келісімі бойынша төраға бекітеді
- ББТ ОӘБ құрамына кіретін медициналық ЖОО (бұдан әрі – базалық ЖОО) базасында ұйымдастырылады.
- ББТ төрағасын базалық ЖОО ректоры тағайындайды.
- ББТ отырыстары кемінде екі айда бір рет өткізіледі.
- ББТ құрамына төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы және ББТ құрылымына кіретін мамандықтар мен мамандандырулар бойынша білім беру бағдарламалары Комитеттерінің төрағалары кіреді.
- ББТ құрамын және оның құрамындағы барлық өзгерістерді ОӘБ төрағасы бекітеді.
- ББТ өкілеттігінің мерзімі - бір оқу жылы.



- ББТ мүшелерінің өкілеттіктері ББТ-ның өкілеттік мерзімінің аяқталуына, атқаратын лауазымынан босатылуына, қызметкерлер қатарынан шығуына және (немесе) жеке өтініші бойынша тоқтатылады.
- ББТ қызметі әрбір оқу жылына бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады.
- ББТ, егер отырысқа оның тізімдік құрамының кемінде үштен екісі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. ББТ-ның шешімі, егер оған ББТ отырысына қатысқан оның мүшелері санының жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.
- ББТ шешімдері отырыс хаттамасымен ресімделгеннен және ББТ төрағасы қол қойғаннан кейін одан әрі қарау үшін ОӘБ-ға жіберіледі
- ОӘБ ББТ атынан шығарылатын мәселелер ББТ отырысында алдын ала қаралуы тиіс.
- ББТ өкілдері ББТ құрамына кіретін ұйымдарға жекелеген мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын беруге құқылы.
- ББТ отырыстары ашық болып табылады. Білім беру/ғылым/практикалық денсаулық сақтау ұйымының кез келген өкілі шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығынсыз ББТ отырыстарына қатысуға құқылы. Өзге адамдар ББТ отырыстарына оның шешімі бойынша қатысуға құқылы.
- ББТ-да ағымдағы жұмысты ұйымдастыру және іс жүргізу ББТ Төрағасы ұсынған ББТ хатшысына жүктеледі. Отырыстардың құрамы, жоспарлары, есептері, материалдары мен шешімдері базалық ЖОО сайтында жарияланады.
- ББТ қызметіне басшылықты базалық ЖОО ректоры жүзеге асырады.

3) **ББТ өкілеттіктері**


- ББТ мүшелерінің жалпы санын және құрамын айқындайды;
- ББТ жұмыс регламентін әзірлейді;
- ББТ-ның және оның құрамына кіретін комитеттердің барлық мүшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
- ББТ құрамына кіретін комитеттер төрағаларының есептерін тындайды;
- ОӘБ отырысында қарау үшін кәсіби дайындық сапасын арттыруға, кәсіби біліктілікті тәуелсіз бағалау жүйесін қалыптастыруға, ПОҚ-ны әдебиетпен, электрондық деректер базасымен және т. б. ресурстармен қамтамасыз ету мониторингіне бағытталған мәселелерді, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау саласындағы НҚА жетілдіру мәселелерін ұсынады;
- ББТ, комитеттердің кандидатураларын көтермелеу үшін ұсынады.

11. **ББТ комитеті**

1) **Қызметтің мәртебесі, мақсаттары мен міндеттері**

Комитет - ББТ-ның консультативтік-кеңесші органы болып табылады, заңды тұлға болып табылмайды.

Комитеттің қызметі жоғары оқу орнынан кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейдегі білім беру бағдарламалары, қосымша және бейресми білім беру бағдарламалары, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға, клиникалық хаттамаларға, көмек көрсету стандарттарына және т.б. сәйкес

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Ереже	Редакция: 1 14 беттің 11 беті

емтихан материалдарын сараптау бойынша жұмысты ұйымдастыруға бағытталған.


Комитеттің қызметін ұйымдастыру және оның өкілеттіктері осы Ережеде айкындалады.

2) **Комитеттің қызметін ұйымдастыру**

- Комитет құрамына төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және білім беру, ғылым ұйымдарының, жұмыс берушілердің, кәсіптік қауымдастықтардың, білім алушылардың өкілдері кіреді.
- Комитеттің құрамын және оның құрамындағы барлық өзгерістерді ОӘБ төрағасы бекітеді.
- Комитеттің өкілеттік мерзімі-бір оқу жылы.
- Комитет мүшелерінің өкілеттігі комитеттің өкілеттік мерзімінің аяқталуына, атқаратын қызметінен босатылуына, қызметкерлер қатарынан шығуына және (немесе) жеке өтініші бойынша тоқтатылады.
- Комитеттің қызметі әрбір оқу жылына бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады. Комитеттің отырыстары кемінде екі айда бір рет өткізіледі.
- Егер отырысқа оның тізімдік құрамының кемінде үштен екісі қатысса, Комитет шешім қабылдауға құқылы. Комитеттің шешімі, егер оған комитеттің отырысына қатысқан оның мүшелері санының жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.
- Комитеттің шешімдері отырыс хаттамасымен ресімделгеннен және Комитет төрағасы қол қойғаннан кейін одан әрі қарау үшін ББТ-ға жіберіледі.
- Комитетте ағымдағы жұмысты ұйымдастыру және іс қағаздарын жүргізу Комитет Төрағасы ұсынған Комитеттің хатшысына жүктеледі.
- Комитеттің атынан ББТ-ға шығарылатын мәселелер комитеттің отырысында алдын ала қаралуы тиіс.
- Комитет өкілдері Комитет құрамына кіретін ұйымдарға жекелеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын беруге құқылы.
- Комитет отырыстары ашық болып табылады. Білім беру/ғылым/практикалық денсаулық сақтау ұйымының кез келген өкілі шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығынсыз Комитеттің отырыстарына қатысуға құқылы. Өзге тұлғалар Комитеттің отырыстарына оның шешімі бойынша қатысуға құқылы.
- Комитет қызметіне басшылықты комитет төрағасы және базалық ЖОО ББТ төрағасы жүзеге асырады.

3) **Бейін бойынша ББТ комитетінің өкілеттіктері:**

- Комитет мүшелерінің жалпы санын және құрамын анықтайды;
- Комитеттің жұмыс регламентін әзірлейді;
- Комитеттің барлық мүшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
- ББТ отырысында қарау үшін мәселелерді ұсынады
- мамандарды даярлау сапасын арттыру;
- ББТ құрамына кіретін комитеттер төрағаларының есептерін тыңдайды;
- университет қаражаты есебінен оқу-әдістемелік әдебиеттерді ұсыну туралы шешім қабылдайды;
- көтермелеу үшін ББТ, Комитеттердің кандидатураларын ұсынады.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Ереже

12. ОӘБ жауапты:

- мемлекеттік жапыға міндетті білім беру стандарттарын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру талаптарын бұзғаны;
- құзыретіне кіргізілген функцияларды орындамағаны үшін;
- осы Ереженің 7.2-тармағында көзделмеген ОӘБ қызметінің өзге де талаптарын бұзғаны үшін жауапты;
- Есеп беруді қоса алғанда, ОӘБ қызметі үшін жауапкершілік ОӘБ төрағасына жүктеледі.
- Есеп беруді қоса алғанда, ББТ қызметі үшін жауапкершілік ББТ төрағасына жүктеледі.
- Есеп беруді қоса алғанда, Комитеттің қызметі үшін жауапкершілік Комитет Төрағасына жүктеледі.

